

Қазақстан Республикасы
Республика Казахстан

2020 жылдың « 01 » 10 № 5
«Qolday» кәсіпкерлік орталығы»

жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
Жалғыз қатысушысының шешімімен
БЕКІТІЛДІ

УТВЕРЖДЕН
Решением единственного участника
ТОО «Центр предпринимательства «Qolday»
от « 01 » 10 2020 года № 5

**«Qolday» кәсіпкерлік орталығы»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
ЖАРҒЫСЫ**

**УСТАВ
Товарищества с ограниченной ответственностью
«Центр предпринимательства «Qolday»**

Алматы қаласы
2020 жыл

1. Жалпы ережелер

1. «Qolday» кәсіпкерлік орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі – Серіктестік) осы Жарғысы оның атауын, орналасқан жерін, оның органдарын қалыптастыру тәртібі мен құзыретін, оның қызметін қайта ұйымдастыру және тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да ережелерді айқындайды.

2. Серіктестік Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, дербес теңгерімі, банк шоттары болады, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып ала алады және жүзеге асыра алады, міндеттер алуға, сотта талапкер және жауапкер болуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да іс-әрекеттерді жүзеге асыра алады.

3. Серіктестіктің өз атауы жазылған бланкілері және өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті өзге де деректемелері болады.

4. Серіктестік өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңын (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.

5. Серіктестік Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіпте орналасқан жерінен тыс орналасқан, заңды тұлға болып табылмайтын және Серіктестіктің атынан және оның тапсырмасы бойынша олар туралы Ереженің негізінде әрекет ететін филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

6. Серіктестіктің қатысушысы Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы болып табылады: Алматы қаласы әкімдігінің атынан «Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Серіктестік Қатысушысының орналасқан жері және мекенжайы: Қазақстан

1. Общие положения

1. Настоящий Устав Товарищества с ограниченной ответственностью «Центр предпринимательства «Qolday» (далее – Товарищество) определяет его наименование, местонахождение, порядок формирования и компетенцию его органов, условия реорганизации и прекращения его деятельности и другие положения, не противоречащие законодательству Республики Казахстан.

2. Товарищество является юридическим лицом в соответствии с законодательством Республики Казахстан, имеет самостоятельный баланс, банковские счета, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, нести обязанность, быть истцом и ответчиком в суде, а также осуществлять другие действия, не противоречащие законодательству Республики Казахстан.

3. Товарищество имеет бланки со своим наименованием и иные реквизиты, необходимые для осуществления его деятельности.

4. Товарищество в своей деятельности руководствуется Конституцией Республики Казахстан, Гражданским кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью» (далее – Закон), иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан, а также настоящим Уставом.

5. В порядке, предусмотренном законодательством Республики Казахстан, Товарищество вправе создавать филиалы (представительства), расположенные вне места его нахождения, не являющиеся юридическими лицами и действующие от имени и по поручению Товарищества на основании Положения о них.

6. Участником Товарищества является юридическое лицо Республики Казахстан: акимат города Алматы в лице Коммунального государственного учреждения «Управление предпринимательства и инвестиций города Алматы».

Республикасы, 050040, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Байзақов көшесі, 303. Серіктестік Қатысушысының банктік деректемелері: БСН: 190240006042, ЖСК: KZ32070102KSN6001000 Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Қазынашылық комитеті» РММ БСК: ККМФКЗ2А.

Место нахождения и адрес Участника Товарищества: Республика Казахстан, 050040, город Алматы, Бостандыкский район, ул. Байзакова, 303.

Банковские реквизиты Участника Товарищества: БИН: 190240006042, ИИК: KZ32070102KSN6001000 в РГУ «Комитет Казначейства» Министерства финансов Республики Казахстан БИК: ККМФКЗ2А.

2. Серіктестіктің атқарушы органының атауы және орналасқан жері

7. Серіктестіктің толық атауы:

1) мемлекеттік тілде: «Qolday» кәсіпкерлік орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

2) орыс тілінде: товарищество с ограниченной ответственностью «Центр предпринимательства «Qolday».

8. Серіктестіктің қысқартылған атауы:

1) мемлекеттік тілде: «Qolday» КО» ЖШС;

2) орыс тілінде: ТОО «ЦП "Qolday».

9. Серіктестіктің атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Байзақов көшесі, 303.

10. Жеке кәсіпкерлік субъектісінің мәртебесі: кәсіпкерлік субъектілері.

11. Серіктестіктің қызмет ету мерзімі шектеусіз.

3. Серіктестік қызметінің негізгі түрлері

12. Серіктестіктің негізгі мақсаты кәсіпкерлік субъектілерін консультациялық қолдау болып табылады.

13. Серіктестік қызметінің негізгі түрлері:

1) коммерциялық қызмет және басқару мәселелері бойынша кеңес беру;

2) басқа санаттарға енгізілмеген өзге де білім түрлері

14. Серіктестік заңнамалық актілерде және құрылтай шарттарында тыйым салынбаған кез келген түрлерін жүзеге асыра алады. Серіктестік лицензия негізінде тізбесі заңнамалық актілерімен айқындалатын жекелеген қызмет түрлерімен айналыса алады.

2. Наименование и место нахождения исполнительного органа Товарищества

7. Полное наименование Товарищества:

1) на государственном языке: «Qolday» кәсіпкерлік орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

2) на русском языке: товарищество с ограниченной ответственностью «Центр предпринимательства «Qolday».

8. Сокращенное наименование Товарищества:

1) на государственном языке: «Qolday» КО» ЖШС;

2) на русском языке: ТОО «ЦП «Qolday».

9. Местонахождение исполнительного органа Товарищества: Республика Казахстан, город Алматы, Бостандыкский район, ул. Байзакова, 303.

10. Статус субъекта частного предпринимательства: субъекты предпринимательства.

11. Срок деятельности Товарищества неограничен.

3. Основные виды деятельности Товарищества

12. Основной целью Товарищества является консультационная поддержка субъектов предпринимательства.

13. Основными видами деятельности Товарищества являются:

1) консультирование по вопросам коммерческой деятельности и управления;

2) прочие виды образования, не включенные в другие категории.

14. Товарищество может осуществлять любые виды деятельности, не запрещенные законодательными Республики Казахстан. Товарищество может заниматься на основании лицензии отдельными видами деятельности, перечень которых определяется законодательными актами.

4. Серіктестік Қатысушысының құқықтары мен міндеттері

15. Серіктестіктің қатысушысы құқылы:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Серіктестіктің Жарғысында көзделген тәртіпте Серіктестіктің істерін басқаруға қатысуға;
- 2) Серіктестіктің Жарғысында көзделген тәртіпте Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат алуға және оның бухгалтерлік және өзге де құжаттамасымен танысуға;
- 3) Серіктестіктің қызметінен табыс алуға, Серіктестіктің таза кірісін бөлуге қатысуға;
- 4) Серіктестік таратылған жағдайда оның қарыз берушілермен есеп айырысқаннан кейін қалған Серіктестік мүлкіндегі үлесіне сәйкес келетін мүлкінің бір бөлігін немесе оның құнын алуға;
- 5) өз үлесін иеліктен шығару арқылы Серіктестікке қатысуды тоқтатуға;
- 6) Серіктестік органдарының Заңда және (немесе) Серіктестік Жарғысында көзделген құқықтарын бұзатын шешімдерін сот тәртібінде даулауға құқылы.

16. Серіктестік Қатысушының Заңда және Серіктестіктің жарғысында көзделген басқа да құқықтары болуы мүмкін.

17. Серіктестікке қатысушы міндетті:

- 1) Серіктестік Жарғысының талаптарын сақтауға;
- 2) Заңда және Серіктестіктің Жарғысында көзделген тәртіпте, мөлшерде және мерзімде Серіктестіктің жарғылық капиталына салымдар салуға;
- 3) Серіктестік коммерциялық құпия деп жариялаған мәліметтерді жария етпеуге;
- 4) атқарушы органға, сондай-ақ тіркеушіге осы Жарғының 15-тармағында көзделген мәліметтердің өзгерістері туралы жазбаша хабарлауға.

18. Серіктестіктің Қатысушысы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген басқа да міндеттерді атқаруы мүмкін.

4. Права и обязанности Участника Товарищества

15. Участник Товарищества имеет право:

- 1) участвовать в управлении делами Товарищества в порядке, предусмотренном Законодательством Республики Казахстан и Уставом Товарищества;
- 2) получать информацию о деятельности Товарищества и знакомиться с его бухгалтерской и иной документацией в порядке, предусмотренном Уставом Товарищества;
- 3) получать доход от деятельности Товарищества, принимать участие в распределении чистого дохода Товарищества;
- 4) получать в случае ликвидации Товарищества часть его имущества, соответствующую его доле в имуществе Товарищества, оставшегося после расчетов с кредиторами, или его стоимость;
- 5) прекратить участие в Товариществе путем отчуждения своей доли;
- 6) оспаривать в судебном порядке решения органов Товарищества, нарушающие его права, предусмотренные Законом и (или) Уставом Товарищества.

16. Участник Товарищества может иметь и другие права, предусмотренные Законом и Уставом Товарищества.

17. Участник Товарищества обязан:

- 1) соблюдать требования Устава Товарищества;
- 2) вносить вклады в уставный капитал Товарищества в порядке, размерах и в сроки, предусмотренные Законом и Уставом Товарищества;
- 3) не разглашать сведения, которые Товариществом объявлены коммерческой тайной;
- 4) письменно извещать исполнительный орган, а также регистратора об изменении сведений, предусмотренных пунктом 15 настоящего Устава.

18. Участник Товарищества может нести и другие обязанности, предусмотренные законодательными актами Республики Казахстан.

5. Серіктестік органдарын қалыптастыру тәртібі мен құзыреті

19. Серіктестік органдары мыналар болып табылады:

- 1) Серіктестіктің жоғары органы - Серіктестіктің жалғыз Қатысушысы;
- 2) Серіктестіктің атқарушы органы – серіктестіктің Бас директоры.
- 3) Серіктестіктің бақылаушы органы – серіктестіктің Байқау кеңесі.

5.1. Серіктестіктің жалғыз Қатысушысы

20. Қатысушы Серіктестіктің қызметін жеке-дара басқарады, осы Жарғымен оның құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешеді. Қатысушы қабылдайтын шешімдер жазбаша рәсімделеді.

21. Серіктестік Қатысушысының айрықша құзыретіне мыналар жатқызылады:

- 1) Серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшерін, орналасқан жерін және фирмалық атауын өзгертуді қоса алғанда, Серіктестіктің Жарғысын өзгерту немесе Серіктестіктің Жарғысын жаңа редакцияда бекіту;
- 2) Серіктестіктің атқарушы органын құру және оның өкілеттіктерін немесе атқарушы органның жекелеген мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Серіктестікті немесе оның мүлкін сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдау және осындай берудің шарттарын айқындау;
- 3) Серіктестіктің Байқау кеңесін және (немесе) тексеру комиссиясын (тексерушісін) сайлау және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Серіктестіктің тексеру комиссиясының (тексерушісінің) есептері мен қорытындыларын бекіту;
- 4) жылдық қаржылық есептілікті бекіту және таза табысты бөлу;
- 5) Серіктестіктің Жарғысында Серіктестіктің өзге органдарының құзыретіне жатқызылған құжаттардан басқа, Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін ішкі ережелерді, стандарттар, регламенттер, есеп саясаты, салықтық есеп саясаты, және оларды қабылдау рәсімдерін және басқа да құжаттарды бекіту;
- 6) Серіктестікті қайта ұйымдастыру немесе

5. Порядок формирования и компетенция органов Товарищества

19. Органами товарищества являются:

- 1) высший орган товарищества – единственный Участник Товарищества;
- 2) исполнительный орган товарищества – Генеральный директор товарищества.
- 3) контролирующий орган Товарищества – Наблюдательный совет Товарищества.

5.1. Единственный Участник Товарищества

20. Участник единолично управляет деятельностью Товарищества, решает вопросы, отнесенные настоящим Уставом к его компетенции. Принимаемые Участником решения оформляются письменно.

21. К исключительной компетенции Участника товарищества относится:

- 1) изменение Устава Товарищества, включая изменение размера его уставного капитала, места нахождения и фирменного наименования, или утверждение Устава Товарищества в новой редакции;
- 2) образование исполнительного органа Товарищества и досрочное прекращение его полномочий или полномочий отдельного члена исполнительного органа, а также принятие решения о передаче Товарищества или его имущества в доверительное управление и определение условий такой передачи;
- 3) избрание и досрочное прекращение полномочий Наблюдательного совета и (или) ревизионной комиссии (ревизора) Товарищества, а также утверждение отчетов и заключений ревизионной комиссии (ревизора) Товарищества;
- 4) утверждение годовой финансовой отчетности и распределение чистого дохода;
- 5) утверждение внутренних правил, стандартов, регламентов, учетной политики, налоговой учетной политики, процедуры их принятия и других документов, регулирующих внутреннюю деятельность Товарищества, кроме документов, утверждение которых Уставом Товарищества отнесено к компетенции иных органов

тарату туралы шешім.

22. Қатысушы, егер Серіктестіктің Жарғысында өзгеше белгіленбесе, өзінің айрықша құзыретіне жатпайтын өкілеттіктерді Серіктестіктің атқарушы органына немесе Байқау кеңесіне беруге құқылы.

23. Серіктестік Қатысушысы Серіктестіктің жарғысында оның құзыреті қалай анықталғанына қарамастан, Серіктестіктің қызметіне байланысты кез келген мәселені қарауға қабылдауға құқылы.

24. Егер Серіктестіктің Жарғысында өзгеше белгіленбесе, Серіктестіктің Қатысушысы Серіктестіктің ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Серіктестіктің өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

5.2. Серіктестіктің атқарушы органы

25. Серіктестіктің Бас директоры атқарушы орган болып табылады, ол Серіктестіктің Қатысушысына есеп береді және оның шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады. Қатысушы Бас директорды тағайындаған кезде еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес реттеледі.

26. Бас директорды Серіктестіктің Қатысушысы белгіленген мерзімге, бірақ бес жылдан аспайтын мерзімге тағайындайды.

27. Серіктестіктің Бас директорының құзыретіне Серіктестіктің Қатысушысының құзыретіне жатпайтын Серіктестіктің қызметін қамтамасыз етудің барлық мәселелері жатады.

28. Серіктестіктің Бас директорының өкілеттігі мыналар:

- 1) Серіктестік атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) Серіктестіктің атынан өкілдік ету құқығына сенімхаттар, оның ішінде қайта сенім білдіру құқығымен сенімхаттар береді;
- 3) Серіктестік қызметкерлеріне қатысты оларды лауазымға тағайындау туралы, оларды ауыстыру және жұмыстан босату

Товарищества;

б) решение о реорганизации или ликвидации Товарищества.

22. Участник вправе, если иное не установлено Уставом Товарищества, делегировать полномочия, не относящиеся к его исключительной компетенции, исполнительному органу или Наблюдательному совету Товарищества.

23. Участник Товарищества, независимо от того, как определена его компетенция в Уставе Товарищества, вправе принять к рассмотрению любой вопрос, связанный с деятельностью Товарищества.

24. Участник Товарищества вправе отменить любое решение иных органов Товарищества по вопросам, относящимся к внутренней деятельности Товарищества, если иное не определено Уставом Товарищества.

5.2. Исполнительный орган Товарищества

25. Исполнительным органом является Генеральный директор Товарищества, который подотчетен Участнику Товарищества и организуют выполнение его решений. При назначении Участником Генерального директора трудовые отношения регулируются в соответствии с трудовым законодательством Республики Казахстан.

26. Генеральный директор назначается Участником Товарищества на установленный срок, но не более пяти лет.

27. К компетенции Генерального директора Товарищества относятся все вопросы обеспечения деятельности Товарищества, не относящиеся к компетенции Участника Товарищества.

28. Полномочия Генерального директора Товарищества:

- 1) без доверенности действует от имени Товарищества;
- 2) выдает доверенности на право представлять Товарищество, в том числе доверенности с правом передоверия;
- 3) в отношении работников Товарищества издает приказы о

туралы бұйрықтар шығарады, еңбекақы төлеу жүйесін айқындайды, лауазымдық айлықақылар мен дербес үстемеақылар мөлшерін белгілейді, сыйлықақы беру мәселелерін шешеді, көтермелеу шараларын қабылдайды және тәртіптік жаза қолданады;

4) Серіктестік Қатысушысының немесе байқау органдарының құзыретіне жатқызылмаған өзге де өкілеттіктерді, сондай-ақ оған Серіктестіктің Қатысушысы берген өкілеттіктерді жүзеге асырады.

5.3. Серіктестіктің Байқау кеңесі

Серіктестіктің атқарушы органының қызметін бақылауды жүзеге асыру үшін Байқау кеңесі құрылуы мүмкін.

29. Серіктестіктің Байқау кеңесінің қызметі және оның шешімдер қабылдау тәртібі Серіктестіктің Қатысушысы қабылдаған ережелермен және өзге де құжаттармен айқындалады.

30. Егер Серіктестіктің Қатысушысы тексеру комиссиясын (тексерушіні) құрмаған жағдайда, Серіктестіктің Байқау кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасына және Жарғыға сәйкес Тексеру комиссиясына (тексерушіге) тиесілі барлық құқықтарға ие болады.

31. Серіктестіктің Байқау кеңесінің мүшелерін Қатысушы белгіленген мерзімге, бірақ бес жылдан аспайтын мерзімге сайлайды.

32. Байқау кеңесінің мүшесі ретінде тек жеке тұлға ғана қатыса алады. Ол бір мезгілде Серіктестіктің атқарушы органының мүшесі бола алмайды.

33. Байқау кеңесінде дауыс беру кезінде кеңестің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады.

34. Серіктестіктің Байқау кеңесінің оның атқарушы органының қызметін бақылауды тиісінше жүзеге асырмауы салдарынан Серіктестікке және үшінші тұлғаларға келтірілген залалдар үшін Байқау кеңесінің мүшелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

назначении их на должность, об их переводе и увольнении, определяет системы оплаты труда, устанавливает размеры должностных окладов и персональных надбавок, решает вопросы премирования, принимает меры поощрения и налагает дисциплинарные взыскания;

4) осуществляет иные полномочия, не отнесенные к компетенции Участника Товарищества или наблюдательных органов, а также полномочия, переданные ему Участником Товарищества.

5.3. Наблюдательный совет Товарищества

Для осуществления контроля за деятельностью исполнительного органа Товарищества может быть создан Наблюдательный совет.

29. Деятельность Наблюдательного совета Товарищества и порядок принятия им решений определяется правилами и иными документами, принятым Участником Товарищества.

30. В случае, если Участником Товарищества не образована ревизионная комиссия (ревизор), то Наблюдательный совет Товарищества обладает всеми правами, которые в соответствии с законодательством Республики Казахстан и Уставом принадлежат ревизионной комиссии (ревизору).

31. Члены Наблюдательного совета Товарищества избираются Участником на установленный срок, но не более пяти лет.

32. В качестве члена Наблюдательного совета может выступать только физическое лицо. Оно не может быть одновременно членом исполнительного органа Товарищества.

33. При голосовании в Наблюдательном совете каждый член совета имеет один голос.

34. За убытки, причиненные Товариществу и третьим лицам вследствие ненадлежащего осуществления Наблюдательным советом Товарищества контроля за деятельностью его исполнительного органа, члены Наблюдательного совета несут ответственность в соответствии с

5.4. Серіктестіктің тексеру комиссиясы (тексеруші)

35. Серіктестіктің атқарушы органының қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін Серіктестік қызметкерлері немесе олардың өкілдері арасынан тексеру комиссиясы құрылуы немесе тексеруші сайлануы мүмкін.

36. Тексеру комиссиясы (тексеруші) кез келген уақытта Серіктестіктің атқарушы органының қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізуге құқылы және осы мақсат үшін Серіктестіктің барлық құжаттамасына сөзсіз қол жеткізу құқығына ие болады. Тексеру комиссиясының (тексерушінің) талап етуі бойынша Бас директор ауызша немесе жазбаша нысанда қажетті түсіндірмелер беруге міндетті.

37. Серіктестіктің Қатысушысы тексеру комиссиясын немесе жеке-дара тексерушіні бес жылдан аспайтын мерзімге сайлайды. Серіктестіктің атқарушы органдарының мүшелері тексеру комиссиясының мүшелері бола алмайды.

38. Тексеру комиссиясының (тексерушінің) жұмыс тәртібі ішкі қызметті реттейтін ережелермен және өзге де құжаттармен айқындалады.

6. Серіктестіктің таза табысын бөлу

39. Серіктестіктің бір жылдағы қызметінің нәтижелері бойынша алған таза табысын бөлу Серіктестік Қатысушысының шешімімен Серіктестік қызметінің тиісті жылдағы бекітілген нәтижесіне сәйкес жүргізіледі.

40. Серіктестіктің Қатысушысы таза табысты немесе оның бір бөлігін Серіктестікті бөлуден алып тастау туралы шешім қабылдауға да құқылы.

7. Серіктестіктің қатысушыларына, үлестерді сатып алушыларға

5.4. Ревизионная комиссия (ревизор) Товарищества

35. Для осуществления контроля за финансово-хозяйственной деятельностью исполнительного органа Товарищества может быть образована ревизионная комиссия из числа сотрудников Товарищества или их представителей, или избран ревизор.

36. Ревизионная комиссия (ревизор) вправе в любое время производить проверки финансово-хозяйственной деятельности исполнительного органа Товарищества и обладает для этой цели правом безусловного доступа ко всей документации Товарищества. По требованию ревизионной комиссии (ревизора) Генеральный директор обязан давать необходимые пояснения в устной или письменной форме.

37. Ревизионная комиссия или единоличный ревизор Товарищества избирается Участником Товарищества на срок, не превышающий пяти лет. Члены исполнительных органов Товарищества не могут быть членами ревизионной комиссии.

38. Порядок работы ревизионной комиссии (ревизора) определяется правилами и иными документами, регулирующими внутреннюю деятельность.

6. Распределение чистого дохода Товарищества

39. Распределение чистого дохода, полученного Товариществом по результатам его деятельности за год, производится в соответствии с решением Участника Товарищества, согласно утвержденного результата деятельности Товарищества за соответствующий год.

40. Участник Товарищества вправе также принять решение об исключении чистого дохода или его части из распределения Товарищества.

7. Порядок представления участникам товарищества, приобретателям долей информации о деятельности

серіктестіктің қызметі туралы ақпарат беру тәртібі

41. Серіктестік өзінің Қатысушысының (үлестерді сатып алушылардың) талап етуі бойынша Серіктестіктің қызметі туралы оның қатысушысының (үлестерді сатып алушылардың) мүдделерін қозғайтын ақпаратты беруге міндетті.

42. Серіктестік Қатысушысының (үлестерді сатып алушылардың) мүдделерін қозғайтын ақпарат мыналар болып танылады:

- 1) Серіктестіктің қатысушысы, атқарушы органы, тексеру комиссиясы (тексерушісі) қабылдаған шешімдер және қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат;
- 2) нәтижесінде теңгерімдік құны Серіктестік активтерінің жалпы мөлшерінің он немесе одан да көп пайызын құрайтын Серіктестіктің мүлкі жойылған төтенше сипаттағы мән-жайлардың туындауы;
- 3) Серіктестіктің Жарғысына сәйкес Қатысушының мүддесін қозғайтын өзге де ақпарат.

43. Серіктестік Қатысушысының мүддесін қозғайтын Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат беру Қазақстан Республикасының заңнамасына және Серіктестіктің Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

Серіктестік осы Серіктестіктің Қатысушысына Серіктестіктің атқарушы органына ақпарат беру туралы жазбаша өтініш берген күнінен бастап 7 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде өз қызметі туралы ақпарат беруге міндетті.

44. Үлестерді сатып алушыларға Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат беру Серіктестіктің Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады. Ақпарат беру тәртібі мен оның көлемі Жарғыда және үлестерді сатып алу туралы алдын ала шартта белгіленеді. Серіктестік алдын ала шартқа қол қойылған күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей, осы Серіктестіктің үлестерін сатып алушыларға өз қызметі туралы ақпарат беруге міндетті.

45. Серіктестіктің өз қызметіне қатысты құжаттарын Серіктестік Серіктестіктің атқарушы органының орналасқан жері бойынша немесе оның Жарғысында айқындалған өзге де жерде қызметінің барлық мерзімінде сақтауы тиіс.

товарищества

41. Товарищество обязано по требованию своего Участника (приобретателей долей) предоставлять информацию о деятельности Товарищества, затрагивающую интересы его Участника (приобретателей долей).

42. Информацией, затрагивающей интересы Участника (приобретателей долей) Товарищества признается:

- 1) решения, принятые Участником, Исполнительным органом, ревизионной комиссией (ревизором) Товарищества и информация об исполнении принятых решений;
- 2) наступление обстоятельств, носящих чрезвычайный характер в результате которых, было уничтожено имущество Товарищества балансовая стоимость которого составляла десять или более процентов от общего размера активов Товарищества;
- 3) иная информация, затрагивающая интересы Участника, в соответствии с Уставом Товарищества.

43. Предоставление информации о деятельности Товарищества, затрагивающей интересы его Участника, осуществляется в соответствии с законодательством Республики Казахстан и Уставом Товарищества.

Товарищество обязано предоставить информацию о своей деятельности Участнику данного Товарищества в срок не позднее 7 рабочих дней от даты письменного обращения Участника о предоставлении информации в исполнительный орган Товарищества.

44. Предоставление информации о деятельности Товарищества приобретателям долей осуществляется в соответствии с Уставом Товарищества. Порядок предоставления и объем информации устанавливаются Уставом и предварительным договором о приобретении долей. Товарищество обязано предоставить информацию о своей деятельности приобретателям долей данного Товарищества в срок не позднее 10 рабочих дней от даты подписания предварительного договора.

45. Документы Товарищества, касающиеся его деятельности, подлежат хранению Товариществом в течение всего срока его

46. Мынадай құжаттар сақтауға жатады:

- 1) Серіктестіктің жарғысы, Серіктестіктің Жарғысына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;
- 2) Қатысушының шешімі;
- 3) Серіктестікті заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік;
- 4) Серіктестіктің теңгерімінде тұрған (болған) мүлікке құқықты растайтын құжаттар;
- 5) Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктері туралы ереже;
- 6) Байқау кеңесінің күн тәртібіндегі мәселелері бойынша материалдар (ол құрылған жағдайда), Байқау кеңесі отырыстарының хаттамалары (сырттай отырыстар шешімдері);
- 7) атқарушы орган отырыстарының (шешімдерінің) хаттамалары.

47. Өзге құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзімде сақталады.

48. Қатысушының талап етуі бойынша Серіктестік оған Серіктестіктің Жарғысымен айқындалған тәртіпте Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құжаттардың көшірмелерін беруге міндетті.

49. Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін пайдаланылатын бұқаралық ақпарат құралының атауы: «Вечерний Алматы» немесе «Алматы ақшамы» газеттері.

7. Серіктестіктің мүлкі және жарғылық капиталының мөлшері

50. Серіктестіктің мүлкі Серіктестік Қатысушысының салымдары, Серіктестік алған табыстар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

Серіктестіктің мүлкі оның теңгерімінде есепке алынады.

51. Серіктестіктің жарғылық капиталы 232 025 790 (екі жүз отыз екі миллион жиырма бес мың жеті жүз тоқсан екі) теңгені құрайды.

деятельности по месту нахождения исполнительного органа Товарищества или в ином месте, определенном его Уставом.

46. Хранению подлежат следующие документы:

- 1) Устав Товарищества, изменения и дополнения, внесенные в Устав Товарищества;
- 2) решения Участника;
- 3) свидетельство о государственной регистрации (перерегистрации) Товарищества как юридического лица;
- 4) документы, подтверждающие права Товарищества на имущество, которое находится (находилось) на его балансе;
- 5) положение о филиалах и представительствах Товарищества;
- 6) материалы по вопросам повестки дня Наблюдательного совета (в случае его создания), протоколы заседаний (решений заочных заседаний) Наблюдательного совета;
- 7) протоколы заседаний (решений) исполнительного органа.

47. Иные документы хранятся в течение срока, установленного в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

48. По требованию Участника Товарищество обязано представить ему копии документов, предусмотренных законодательством Республики Казахстан, в порядке, определенном Уставом Товарищества.

49. Наименование средства массовой информации: газета «Вечерний Алматы» или «Алматы Акшамы», используемого для публикации информации о деятельности Товарищества.

7. Имущество и размер уставного капитала Товарищества

50. Имущество Товарищества формируется за счет вкладов его Участника Товарищества, доходов, полученных Товариществом, а также иных источников, не запрещенных законодательством Республики Казахстан.

Имущество Товарищества учитывается на его балансе.

51. Уставный капитал Товарищества составляет 232 025 792 (Двести тридцать два миллиона двадцать пять

Серіктестіктің жарғылық капиталы толық мөлшерде төленді.

Ақша, бағалы қағаздар, заттар, мүліктік құқықтар, оның ішінде жер пайдалану құқығы және зияткерлік қызмет нәтижелеріне құқық, өзге де мүлік Жарғылық капиталға салым бола алады.

52. Жарғылық капитал:

- 1) Қатысушы салған қосымша салымдар;
 - 2) Жарғылық капиталдың мөлшерін өз есебінен, Серіктестіктің резервтік капиталы есебінен ұлғайту;
 - 3) нақты құны өзінің теңгерімдік құнынан асатын Серіктестіктің таза активтерін (өз капиталын) қайта бағалау арқылы ұлғайтылуы мүмкін. Қайта бағалауды тәуелсіз сарапшылар жүргізуі мүмкін;
- Шешімді Серіктестіктің Қатысушысы қабылдайды.

53. Серіктестіктің Жарғылық капиталын ұлғайту және азайту Қазақстан Республикасы заңдарының талаптары ескеріле отырып, сол тәртіпте жүзеге асырылады.

8. Серіктестікті қайта ұйымдастыру және тарату

54. Серіктестік Қатысушының шешімі бойынша немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша қайта ұйымдастырылуы және таратылуы мүмкін.

55. Серіктестікті қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен реттеледі.

9. Қорытынды ережелер

56. Серіктестік өз қызметінде осы Жарғыны және Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

5. Заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі оны құру кезінде туындайды және оны тарату аяқталған кезде тоқтатылады. Заңды тұлғаның қызметпен айналысу үшін рұқсат алуы қажет қызмет саласындағы құқық

тысяч семьсот девяносто две) тенге.

Уставный капитал Товарищества оплачен в полном размере.

Вкладом в Уставный капитал могут быть деньги, ценные бумаги, вещи, имущественные права, в том числе право землепользования и право на результаты интеллектуальной деятельности, иное имущество.

52. Уставный капитал может быть увеличен путем:

- 1) дополнительных вкладов, производимых Участником;
- 2) увеличения размера Уставного капитала за счет собственного, в том числе резервного капитала Товарищества;
- 3) переоценки чистых активов (собственного капитала) Товарищества, реальная стоимость которых превышает их балансовую стоимость. Переоценка может быть произведена независимыми экспертами.

Решение принимается Участником Товарищества.

53. Увеличение и уменьшение Уставного капитала Товарищества осуществляется в порядке и с учетом требований законодательства Республики Казахстан.

8. Реорганизация и ликвидация Товарищества

54. Товарищество может быть реорганизовано и ликвидировано по решению Участника либо по иным основаниям, предусмотренным законодательством Республики Казахстан.

55. Порядок реорганизации и ликвидации Товарищества регулируется Законом и иными законодательными актами Республики Казахстан.

9. Заключительные положения

56. Товарищество в своей деятельности руководствуется настоящим Уставом и законодательством Республики Казахстан.

57. Правоспособность юридического лица возникает в момент его создания и прекращается в момент завершения его ликвидации. Правоспособность юридического лица в сфере

қабілеттілігі осындай рұқсатты алған кезден бастап туындайды және оны алып қойғанда, қолданылу мерзімі өткенде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте жарамсыз деп танылған кезде тоқтатылады.

деятельности, на занятие которой необходимо получение разрешения, возникает с момента получения такого разрешения и прекращается в момент его изъятия, истечения срока действия или признания недействительным в установленном законодательством Республики Казахстан порядке.